

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ЗАҢ СЕРИЯСЫ
2022 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ЮРИДИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 2022 ГОДА

ISSN 2958-8618

№ 2 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Юридическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ90VPY00046812

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация результатов научных исследований, актуальных проблем
в области права, привлечение внимания к перспективным
и актуальным направлениям юридической науки

Подписной индекс – 76199

<https://doi.org/10.48081/FBEK6789>

Бас редакторы – главный редактор

Ахмеджанова Г. Б.

д.ю.н., профессор

Заместитель главного редактора Олжабаев Б. Х., *к.ю.н., ассоц.профессор*
Ответственный секретарь Жамулдинов В. Н., *к.ю.н., ассоц.профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Ишеков К.А.,	<i>д.ю.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Дуйсенов Э. Э.,	<i>д.ю.н., профессор</i>
Балымов Е.К.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 10.77.51

<https://doi.org/10.48081/PJQC4938>***Н. Қ. Дулат**

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаменті»,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ТІКЕЛЕЙ БАҒЫНЫСТЫЛАРДЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫ ҮШІН САЯСИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БІРІНШІ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

Бұл тақырып бүгінгі күні өте өзекті, өйткені әр мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін тікелей басшыларды тәртіптік жауапкершілікке тартады.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Өзінің сайлауалды бағдарламасында: Баршаңызға амандық! Сабақтастық. Әділдік. Прогресс.» Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сыбайлас жемқорлықты жоюдың жаңа тәсілдерін атап өтті, оның ішінде ол саяси мемлекеттік қызметшілердің қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін жеке жауапкершілігін заңнамалық тұрғыдан бекітуді тапсырды.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында 2019 жылдың 2 қыркүйегінде «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Президент қарамағындағы сыбайлас жемқорлыққа жауапты адамдардың тізбесін кеңейтіп, мемлекеттік органдардың басшыларын да тізімге енгізуді тапсырды.

Кілтті сөздер: сыбайлас жемқорлық, заңнама, мемлекеттік атқарушы органдар, тікелей басшы, үкім.

Кіріспе

2019 жылдың 10 желтоқсанынан бастап қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық үшін басшылардың дербес жауапкершілігі институты енгізілді. Осы институттың заңнамалық деңгейде енгізілуімен елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың жаңа сапалы кезеңі басталды. Бұдан былай барлық мемлекеттік саяси қызметшілер, орталық мемлекеттік органдардың басшылары, министрлер, әкімдер, олардың орынбасарлары отставкаға шығу туралы өтініш берген кезде, егер олардың қарамағындағылар сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда жауапты болады.

Бұл ретте, егер бағынышты адам саяси лауазымға басшы тағайындалған кезден бастап үш ай өткен соң сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда, мемлекеттік қызметші отставкаға кетуге міндетті болады.

Министрлік жанындағы комитеттердің төрағалары, мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, аумақтық бөлімшелердің басшылары оларға бағынышты адамдар сыбайлас жемқорлық жасаған жағдайда жұмыстан босатуға дейін қатаң тәртіптік жауапкершілікке тартылатын болады.

«Басшы үшін жауапкершіліктің басталуының міндетті шарты-айыптау үкімінің заңды күшіне енуі немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істің тоқтатылуы. Сыбайлас жемқорлық үшін айыптау үкімін шығарған кезде, сұрақ туындайды, кім отставкаға кетеді. 2019 жылдың 10 желтоқсанынан бастап бағыныштылардың сыбайлас жемқорлық үшін басшылардың жеке жауапкершілігі енгізілгенін түсіндіру қажет. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабына сәйкес, міндеттерді енгізетін немесе жауапкершілікті күшейтетін заңдардың кері күші болмайды.

Отставканы дұрыс қолдану үшін білу қажет, кім тікелей бағынышты екенін. Мысалы, орталық мемлекеттік органның басшылары, министр үшін-оның орынбасарлары, жауапты хатшылар, оның аппараты, аумақтық бөлімшелердің басшылары болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Аталған тақырыпты зерделеу барысында заңдар мен олардың өзгерістері, Президенттің 2022 жылдың 2 қыркүйектегі Жолдауы, уәкілетті органдардың осы тақырып бойынша материалдары мен мақалалары зерттелді.

Заңның жаңа редакциясына сәйкес, бірінші басшы соттың айыптау үкімі күшіне енгеннен кейін не қылмыстық іс өзінің тікелей бағынысындағы

адамға қатысты ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде отставкаға кетуге міндетті.

Осыған орай, жоғарыдағыны ескере тікелей бағыныштылар, олар:

- орталық мемлекеттік органның басшысы (министр) үшін – бұл оның орынбасарлары, жауапты хатшы не аппарат басшысы, облыстық бөлімшелердің басшылары;

- облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі үшін – оның орынбасарлары, аппарат басшысы, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі тікелей бағынысты болып табылады;

- орталық мемлекеттік орган басшысының орынбасары (вице-министр) өзі жетекшілік ететін ведомствоның немесе дербес құрылымдық бөлімшенің басшысы сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда отставкаға береді;

- облыс әкімінің орынбасары өзі жетекшілік ететін, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшыларына жауапты;

- аудан әкімі өзінің орынбасарларына, аппарат басшысына, жетекшілік ететін аудандық атқарушы органдардың басшыларына, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне жауапты.

Саяси емес, А және Б корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері болып табылатын барлық басқа басшыларға қатысты олардың тікелей бағыныстылары сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда Заңмен тәртіптік жауапкершілік енгізіледі.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы қол қойған заңмен басшылардың қарамағындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі міндеті енгізіледі. Бұл міндетті орындамау немесе тиісінше орындамау басшының тәртіптік жауапкершілігіне әкеп соғады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасалған күнді есептеген кезде саяси мемлекеттік қызметшілердің отставкаға шығуы үшін мыналарды негізге алу керек екенін атап өткен жөн.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 60-бабының 3-1-тармағына сәйкес, егер олар тағайындалған күннен бастап үш ай өткен соң Заңда айқындалған адамдар сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған жағдайда, мемлекеттік саяси қызметшілер отставкаға өтініш береді.

Осыған байланысты, бағынышты қызметшінің жасаған қылмысы фактісі бойынша күшіне енген сот үкімі (яғни пара алу не беру, билікті асыра пайдалану немесе асыра пайдалану және т.б.) немесе заңда белгілі бір негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату актісі отставкаға кетуге негіз болып табылады.

«Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметі туралы» заңда жоғарыда аталған жаңалықтар 2019 жылдың 10 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілгені белгілі.

Осылайша, отставкаға кету туралы талап тікелей бағыныштылары 2019 жылдың 10 желтоқсанынан кейін сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған саяси қызметшілерге қолданылады.

Осындай есептеу мерзімдері қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық үшін жауап беретін басшылардың қалған барлық санаттарына да қолданылады.

Отставканы қабылдау немесе қабылдамау – бұл тиісті уәкілетті лауазымды адамның айрықша құқығы. Отставка бір ай ішінде қаралады және қабылданбаған жағдайда мемлекеттік қызметші өзінің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруды жалғастыруға міндетті.

Уәкілетті лауазымды адамның қалауы бойынша отставкадан бас тартылған кезде саяси қызметші тәртіптік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Басшылардың жауапкершілігін қарау кезінде, жоғарыда көрсетілген жағдайлардан басқа, бағынышты адам жасаған сыбайлас жемқорлық қылмысы мен басшының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәсі арасында байланыстың болуы да маңызды мәнге ие.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Президенті Әкімшілігінің тапсырмасы бойынша уәкілетті органдармен (Жоғарғы Сот және Бас прокуратура) бірлесіп тиісті іс-қимыл алгоритмі әзірленді.

Алгоритм Заңның көрсетілген нормаларының іске асырылуына мониторинг жүргізу, оларды аталған субъектілерге қолданудың толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет.

Осыған байланысты, мемлекеттік органдарға, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне соттардың заңды күшіне енген айыптау үкімдеріне, тиісті лауазымды тұлғаларға қатысты тоқтатылған қылмыстық істерге мониторинг жүргізу бекітілген.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне осы мәселе бойынша Мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру жүктелген.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдар өзара іс-қимылдың осы тәртібіне сәйкес жұмыс істеуде.

Нәтижелер мен талқылау

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес үшін, ең алдымен, сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайларын жоюға бағытталған жүйелі күш-жігер мен келісілген іс-қимыл қажет:

- сыбайлас жемқорлық тұрғысынан осал нақты құқықтық қатынастар мен жағдайлардың тізбесін айқындау;

- осы құқықтық қатынастардың сыбайлас жемқорлық мәселелерін шешетін жүйелі және нақты шараларды ұсыну;

- әрбір мемлекеттік орган қызметінің бағыттары мен салалары бойынша ұсыныстар беру;

- іс-шаралардың атауларын олар көздеген мақсатты дәл бейнелейтіндей және сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрамдасты тікелей көрсететіндей етіп тұжырымдау.

Анализ есептеулеріне келетін болсақ, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаментімен баспа басылымдарына сәйкес, 2021 жылдың қорытындысы бойынша 22 тікелей басшылар тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде: 3-сөгіс, 12-қатаң сөгіс, 6-қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту және 1-лауазымын төмендету түрінде жаза алды.

Сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылыққа тартылған тұлғалардың көпшілігі - құқық қорғау органдарынан байқалады - 54 % (12 тартылған), жергілікті атқарушы органдарында – 14 % (3 тартылған), аумақтық департаменттер – 23 % (5 тартылған), және квазимемлекеттік сектор жұмыскерлері – 9 % (2 тартылған).

Қорытынды

Тікелей бағыныстылардың сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін саяси қызметшілер мен мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының жауаптылығы қаралуы тиімді болып келеді, себебі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді құралы, мемлекеттік басқарудың барлық салаларында тәртіп пен ұйымшылдықты нығайтудың пәрменді құралы болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заң – URL : <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000416>.

2 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң [Электронды ресурс] – URL : <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000410>.

3 Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана. 2 сентября 2019 г. [Электронды ресурс] – URL : <https://baiterek.gov.kz/ru/president-messages/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazakhstan-2-sentyabrya-2019-g>.

4 Отчет о проделанной работе за 2021 год [Электронды ресурс] – URL : <https://www.instagram.com/elgeqyzmet.pavlodar/>.

5 Отчет с заседания Правительства Республики Казахстан // Казахстанская правда. – 2013. – 13 дек.

6 Памятка по противодействию коррупции [Электронды ресурс] – URL : <https://www.gov.kz/memleket/entities/mod/press/article/details/16334?lang=ru>.

7 Административная и уголовная ответственность за коррупционные правонарушения и преступления [Электронды ресурс] – URL : <http://karabalyk-ugd.kz/ru/borba-s-korrupsiej/415-administrativnaya-i-ugolovnaya-otvetstvennost-za-korrupsionnye-pravonarusheniya-i-prestupleniya>.

8 О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственной службы и противодействия коррупции [Электронды ресурс] – URL : <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2000000365>.

9 Поправки в законе о внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственной службы и противодействия коррупции [Электронды ресурс] – URL: <https://www.zakon.kz/4996767-tokaev-podpisal-zakon-o-vnesenii.html>.

10 Основы борьбы с коррупцией (системы общегосударственной этики поведения) / под ред. С. В. Максимова – М. : 1999.

REFERENCES

1 «Qazaqstan Respublikasynyn memlekettik qyzmeti týraly» zań [Law «on civil service of the Republic of Kazakhstan»][Text] [Electronic resource] – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000416>.

2 «Sybailas jemqorlyqqa qarsy is-qimyl týraly» zań [Law «on combating corruption»][Text] [Electronic resource] – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000410>.

3 Memleket Basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaýy. 2 qyrkúiek 2019 j. [The message of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan. September 2 , 2019][Text] [Electronic resource] – URL: <https://baiterek.gov.kz/ru/president-messages/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazakhstan-2-sentyabrya-2019-g>.

4 2021 jyly atqarylǵan jumystar týraly esep [Progress report for 2021][Text] [Electronic resource] – URL: <https://www.instagram.com/elgeqyzmet.pavlodar/>.

5 Qazaqstan Respýblikasy Úkimetiniń otyrysynan esep // Kazhastanskara pravda. – 2013. – 13 dek. [Report from the meeting of the Government of the Republic of Kazakhstan // Kazhastanskayapravda. – 2013. – Dec 13][Text].

6 Sybailas jemqorlyqqa qarsy jadynama [Anti-corruption Memo] [Text] [Electronic resource] – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mod/press/article/details/16334?lang=ru>.

7 Sybailas jemqorlyq quqyq buzýshlyqtar men qylmystar úshin ákimshilik jáne qylmystyq jaýaptylyq [Administrative and criminal liability for corruption offenses and crimes] [Text] [Electronic resource] – URL : <http://karabalyk-ugd.kz/ru/borba-s-korrupsiej/415-administrativnaya-i-ugolovnaya-otvetstvennost-za-korrupsionnye-pravonarusheniya-i-prestupleniya>.

8 Qazaqstan Respýblikasynyń kebir zańnamalyq aktilerine Memlekettik qyzmet jáne sybailas jemqorlyqqa qarsy is-qımyl máseleleri boıynsha ózgerister men tolyqtyrýlar engizý týraly [On amendments and additions to some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on public service and anti-corruption] [Text] [Electronic resource] – URL : <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2000000365>.

9 Qazaqstan Respýblikasynyń kebir zańnamalyq aktilerine Memlekettik qyzmet jáne sybailas jemqorlyqqa qarsy is-qımyl máseleleri boıynsha ózgerister men tolyqtyrýlar engizý týraly zańǵa tuzetýler [Amendments to the Law on Amendments and Additions to Some legislative acts of the Republic of Kazakhstan on public service and anti-corruption] [Text] [Electronic resource] – URL : <https://www.zakon.kz/4996767-tokaev-podpisal-zakon-o-vnesenii.html>.

10 Sybailas jemqorlyqqa qarsy kúres negizderi (minez – qulyqtyń jalpy memlekettik etikasy júesi) [Fundamentals of the fight against corruption (systems of national ethics of behavior)] [Text]./ edited by S. V. Maksimov – Moscow : 1999.

Материал баспаға түсті.10.06.22

*Н. Қ. Дулат

РГУ «Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по Павлодарской области»

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 10.06.22

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ПОЛИТИЧЕСКИХ СЛУЖАЩИХ И ПЕРВЫХ РУКОВОДИТЕЛЕЙ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ ЗА КОРРУПЦИОННЫЕ ПРЕСТУПЛЕНИЯ НЕПОСРЕДСТВЕННЫХ ПОДЧИНЕННЫХ

Данная тема сегодня очень актуальна, так как каждый государственный служащий несет дисциплинарную ответственность непосредственных руководителей за коррупционные преступления.

Коррупция – незаконное использование лицами, занимающими ответственную государственную должность, лицами, уполномоченными на выполнение государственных функций, лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, должностными лицами своих должностных (служебных) полномочий и связанных с ними возможностей в целях получения или извлечения лично или через посредников имущественных (неимущественных) благ и преимуществ для себя либо третьих лиц а равно подкуп этих людей путем предоставления благ и преимуществ.

В своей предвыборной программе: «всем благополучия! Преемственность. Справедливость. Прогресс.» Президент Казахстана Касым-Жомарт Кемелевич Токаев отметил новые подходы к искоренению коррупции, в том числе поручил законодательно закрепить персональную ответственность подчиненных политических государственных служащих за совершение коррупционных преступлений.

В Послании Главы государства народу Казахстана от 2 сентября 2019 года «Конструктивный общественный диалог-основа стабильности и процветания Казахстана» Президент поручил расширить перечень лиц, ответственных за коррупцию, и включить в список руководителей государственных органов.

Ключевые слова: коррупция, законодательство, государственные исполнительные органы, непосредственный руководитель, приговор.

*N. K. Dulat

«The department of Agency of the Republic of Kazakhstan for civil service affairs in Pavlodar region, Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 10.06.22

RESPONSIBILITY OF POLITICAL EMPLOYEES AND FIRST HEADS OF STATE BODIES FOR CORRUPTION CRIMES OF DIRECT SUBORDINATES

This topic is very relevant today, since every civil servant bears disciplinary responsibility of direct managers for corruption crimes.

Corruption is the illegal use by persons holding a responsible public position, persons authorized to perform state functions, persons equated to persons authorized to perform state functions, officials of their official (official) powers and related opportunities in order to obtain or extract property (non–property) benefits and advantages personally or through intermediaries for yourself or third parties, as well as bribing these people by providing benefits and advantages.

In his election program: «Well-being to all! Continuity. Justice. Progress.» President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev noted new approaches to the eradication of corruption, including instructed to legislate the personal responsibility of subordinate political civil servants for committing corruption crimes.

In the Address of the Head of State to the People of Kazakhstan dated September 2, 2019 «Constructive public dialogue is the basis of stability and prosperity of Kazakhstan», the President instructed to expand the list of persons responsible for corruption and include heads of state bodies in the list.

Keywords: corruption, legislation, state executive bodies, direct supervisor sentence.

Теруге 10.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,02 Мб RAM

Шартты баспа табағы 11,4.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген А.К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс №3959

Сдано в набор 10.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

3,02 Мб RAM

Усл.п.л. 11,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3959

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik.tou.edu.kz/>